№ 12(168) 31.10.2011

ЖАСТАР ӘЛЕМІ
МИР МОЛОДЕЖИ

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті * Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова

Бүгінгі номерде

Абайды оқы, таңырқа!
бет. 2

Молодые художники посвятили свои работы юбилею Независимости
стр. 3

«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін»
бет. 4

О проблемах истории и современности
стр. 5

Интеллектуалды жастар – ел болашағы
бет. 6

Учительская стезя
стр. 7

Сегодня в номере

Первокурсники получили гранты

Оказание социальной поддержки студентам и магистрантам является частью образовательной политики Карагандинского государственного университета имени академика Е. А. Букетова, основанной на убеждении, что для молодежи, стремящейся к образованию, получению профессии, желающей чувствовать себя востребованной в обществе, не должно быть никаких преград.

В Карагандинском государственном университете состоялось торжественное вручение грантов КарГУ им. Е. А. Букетова студентам-первокурсникам — обладателям нагрудного знака «Алтын белгі», участникам международных олимпиад и научных соревнований, сиротам, детям из неполных, малообеспеченных семей, имеющим наиболее высокие баллы по результатам ЕНТ и КТА, но не получившим государственных грантов. Гранты также вручались поступившим в магистратуру КарГУ из числа преподавателей и выпускников университета.

Ректор университета профессор Еркин Кинаятович Кубеев поздравил студентов и магистрантов, ставших обладателями грантов КарГУ в год 20-летия Независимости Республики Казахстан.

Эта акция направлена на поддержку талантливой молодежи и расширение социальной базы качественного высшего образования согласно рекомендациям Министерства образования и науки Республики Казахстан. Гранты Карагандинского государственного университета были присуждены 12 студентам и 19 магистрантам.

Өлеңнен өзіне ескерткіш соққан шайыр

«Жыр жазамын жүрегімнен» деп өмірін өлеңмен өрген Қасым ақынның 100 жылдығына орай қазыналы Қарағанды-да дүйім жұрт болып атқарған істер аз болмады. Соның бірі, Орталық Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қара шаңырағы Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде көрнекті ақын-жазушы, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен өткен «Қасым Аманжолов және жаңа дәуір поэзиясы» атты ғылыми-практикалық конференция. Нұрлан Оразалин, Фариза Оңғарсыновалар бастап келген әр тараптың баяндамашылары жиналған студенттер қауымын тың дүниелермен таныстырды. Оған дәлел, оралдық ақын Ақұштап Бақытгереевaның, академик Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев сынды ағаларымыздың баяндамалары, т. б. Ақын-жазушы, журналист, әр түрлі басшылық қызметте жүрген қазақтың жақсы-жайсаңдарының сөздеріне арқаланған көпшіліктің ризашылығы, құрметі де бөлек болды. Әзербайжан, татар сияқты туысқан елдер өкілдерінің тарту-таралғысын ұсынып, қазақ, Қасым атын көтере сөйлеуі аталмыш конференцияның жоғары деңгейде өткендігінің тағы бір айғағы. Қарағанды әкімиятының қызметкерлері бас болып, қатысушыларға сый-құрмет көрсетсе, қалталы қонақтар, мансапты қызметтегілер қонақ кәделерін ала келіпті. Конференцияға шақырылған қонақтар арасында қызы Дариға бастаған ақын ұрпақтары көпшіліктің көзайымына айналды.

Баяндамашылар Қасым өмірі мен шығармашылығына қатысты түрлі тақырыпты қамтыды. Қасымның жеке өмірі, күнделігіндегі жағдайлар, ақындық миссиясы мен шығармашылығындағы өзіндік ерекшелігі, қазақ әдебиетіндегі қолтаңбасы сияқты келелі мәселелер айтылды. Отырыста тілге тиек болған әңгімелер дауылпаз ақынның:

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың! — деген өлеңін еріксіз еске түсіреді. Осы ойға Астана қаласы тілдерді дамыту «Руханият» орталығының директоры Е. Е. Тілешовтың мына сөзі түйін болса керек: «Жалынды жүрек пен шынайы тілектен құйылған осы жырда Қасым — ақын да, Қасым — тағдыр да бар».

Конференцияның тиісті деңгейде өткеніне сөз жоқ, десе де, бір білгеніміз «Қасымтанудың» қолға алынбағаны. Бірді-екілі зертеушілердің аз-кем дүниелері болмаса, Қасым мұрасын, өмірін терең қаузап жүрген бір зерттеуші болмай шықты. Ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты жайлардың үстірт, толымды болмауы сол себепті болса керек. Конференцияға ат салысқан баяндамашылардың сөздері сол олқылықты едәуір толықтырды деп айтуға толық негіз бар.

А. ӘБІЛТАЙ, ҚарМУ студенті

Ақпараттар тасқыны

«Менің елім – менің мақтанышым!»

Бұл жалынды сөздер — өз Отанын жан жүрегімен жақсы көріп, бойын елге деген сүйіспеншілік пен ыстық махаббаты кернеген әрбір азаматтың ұраны. Егеменді елдің ертеңі, кемел келешектің келбеті елжанды жастарға тікелей байланысты. Мемлекетімізді алға қарай жетелеу кейінгі толқынның қолында, ұлттық рухы биік жастар ғана еліміздің елдігін сақтап қалады.

Осы орайда, жуырда академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің баспасөз орталығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Менің елім — менің мақтанышым» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Жастардың бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және жоғары азаматтық сана-сезімді қалыптастыру мақсатында өткен жиынға Қарағанды мемлекеттік университеті, «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты, «Қайсар» жастар қоғамдық бірлестігі мұрындық болды.

«Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы, «Қайсар» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы һәм дөңгелек үстелдің модераторы Мирас Құттыбай басқосуды құттықтау сөзімен ашып, өз сөзінде жиырма жылда Қазақстанның жеткен жетістіктерін дәріптеп, ел игілігі жолында жастардың қосқан үлестеріне тоқталды. Сонымен қатар, дөңгелек үстел барысында бірқатар баяндамалар да оқылды. Айтар болсақ, 6800 әскери бөлімінің қызметкері Е. Рақымжанов «Әскери бөлімдердегі тәрбиелік және әлеуметтік жұмыстар», «Қарағанды облысы жастары бастамашылдығының орталығы» ММ директорының міндетін атқарушы Т. Егишева «Жастар ұйымдарының патриоттық бағытта атқарған жұмысы туралы», ҚарМУ-дың Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы Ә. Артықшын «Студент жастар бойындағы патриоттық сезімді арттыру», ҚарМУ-дың жастар ісі жөніндегі комитетінің маманы, Жастар мемлекеттік қызмет мектебінің Қарағанды аймақтық штабының атқарушы директоры Б. Әлімжанов «Жастардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың өзектілігі», ҚарМУ Студенттік Парламентінің төрағасы Е. Беркенов «Патриоттықтың діңгегі — сенім, тамыры — ұлттық санасезім» атты баяндамаларын оқып, өз ойларын ортаға салды.

Дөңгелек үстел жұмысының барысында қатысушылар ойларын ортақ талқыға салып, жастар бойындағы елжандылық сезімдерін қайтсек арттырамыз, осы бағытта жұмыс атқарып жүрген ұйымдардың жұмысын қалайша бір арнаға тоғыстырамыз дегендей сауалдар төңірегінде ой бөлісті. Көпшіліктің айтар ойы ҚарМУ Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы Әсел Сейітжанқызының мына пікіріне тоғысты: «Елдің патриоты болу үшін бәріміздің әлемге танымал спортшы атанып, еліміздің көк жалауын аспанда асқақтатуымыз, барлығымыздың дүние жүзінде ешкімнің батылы бармаған ұлы сойқан ерлік жасауымыз шарт емес. Қатардағы мектеп оқушысы, студенттер және жалпы жастар терең білім меңгеріп, өз жұмыстарын тиянақты атқарса, туған жерін жан жүрегімен сүйе білсе, міне, мұның өзі патриоттық емес пе? Сондықтан бізге жүктелген жауапкершілікті сезіне біліп, ел мүддесі жолында қызмет атқрауымыз керек».

Тартымды өткен жиын соңында Қарағанды қаласы бойынша «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Нұржан Жетпісбаев дөңгелек үстелдің қарарын оқып, оны жиылған жұртшылық бір ауыздан қабылдады.

Ербол САРМУРЗИН

Абайды оқы, таңырқа!

Таяуда қазақ жерінің оңтүстік шаһарынан Сарыарқаға абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахмет ат басын бұрды. Қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін байытып, туған тілдің көсегесін көгертіп, рухын жаңғыртпақ. Талай ареналарда өзінің салиқалы ойларын ашық жеткізіп, шындықтың бетіне тіке қарап ақиқатын айтар Мекемтас мырза осы қасиетін ҚарМУ студенттері алдында тағы бір дәлелдеді. Аз да болса көптей көрінген екі күнде тіл мен рухтың туын жоғары желбіретіп жүрген жастар қауымы көкейлерін тескен сұрақтарға жауап тапқандай. Жиынды филология факультетінің деканы М.І. Әбдуов ашып берді. Сөздің кезегін М. Мырзахметұлы арғысы қазақтың ұлы ақыны Абайды танудан бастап, бүгінгі қоғамның көкейтесті тақырыптарын қозғады. Жиынға қатысқан оқу орнының оқытушылары мен студенттері тарапынан Абайтанудаға Абайдың жаңа қырларын табу, Абай жұмбағының шешуі, қоғамның кілті — тіл мәселесі, оның айнасы болып отырған діннің жағдайы жайлы сұрақтар мөлшері толастаған жоқ.

Абай жұмбағының мәні неде?

Абай өткен дәуірдің сарқындығы, бергі дәуірдің жаңалығы. Абай — қазақ өнерін әлемдік биікке көтерген дарын иесі. Дарын — ұлылыққа қарамаған. Абай жасаған өнер қазақты қазіргі қоғамға алып келді. Батыс өнері тұманданған, тамырынан айырылған өнер. Себебі ол кезде біз жасаған өнер олардың түсіне де кірмеген болатын. Абай мұрасының беймәлім, жаңа қырлары — шығысқа деген қарым-қатынасынан көрінді. Жұмбақ тұсы осы кезден басталады, — деп әңгімесінің әлқиссасын Мекемтас мырза осылай тарқатты. Бұл мәселені Мұхтар Әуезов ғана зерттеді. Әуезов Абай мұрасының үштен бірін тірілтті. Ол заманда үстемдік құрған идеологиялық саясат Абай мұрасын зерттеуге тыйым салды. Одан бері бұл мұра «жабулы қазан жабулы» күйінде қала берді. Абайдың жұмбағы — толық адам туралы ілімі. Бұл ілімнің іргетасын қалап, тұсауын кесер шағы енді басталмақ. Абайтанудың басты мақсаты — толық адам жұмбағын аша білу болып отыр. Егер қазіргі философтардың парсы, араб, ислам әлемінен толық хабары болса, Абайтану әлемі кеңінен ашылып, толық түсінікті түрде таралады. Мен осы тақырыпты зерттеп, «Абай және Шығыс» деген кітап жаздым. Соған сәйкес Абайдың толық адамы шығыс ақыны Ж. Баласұғынның «Құтты білік» дастанында көрсетіледі. Бастапқыда шығармадағы төрт әдеби кейіпкерді түсіне алмадық. Олар — әділет, дәулет, ақыл, қанағат болатын. Зерттей келе осы төрт кейіпкер толық адам ілімінің негізгі бастауы екенін білдік. Осы қасиеттерді әдеби кейіпкерлердің орнына сөйлете білген екен. Ресей еліне қазақтың бодан болғанымен қатар, одан оңайлықпен құтыла алмасын Абай жақсы түсінген. Зардабынан, харам әдістерінен ада болып, орыстың тілін, білімін үйрену арқылы көзін ашылады деп ұғынған. Толық адам ілімі Абайға осы себепті керек болған.

Ада қазақ, шала қазақ, таза қазақ…

XIX ғасырдың жартысында патша үкіметі «жабайыларды жабайының қолымен тұншықтыру керек» деген көзқараста болды. Жазықта өсіп тұрған сексеуіл бір-біріне соқтығысып, жөндеп бұтақ жайып өркендей алмайды. Қазақтар да сол сияқты. Оларға сексеуілдің саясатын қолданып, өзіне-өзін ұрғызу керек деген ойды берік ұстанды. Кейінгі кезде қазақтар үш топқа бөлініп кетті. Біріншісі — ада қазақтар. Олар ұлттық тамырынан ажырағандар, бірақ балаларын қазақшаға тәрбиелеуге болады. Екіншісі — шала қазақтар. Бұлардың ерекшелігі — қазақтың қасиетін бойға сіңіріп өссе де, кейін орысша оқып, қызметте де, отбасында да орысша сөйлеуді қолданғандар. Үшіншісі — таза қазақтар. Бұл қазақтардың өзі қазірде қоғамды алаңдатып отыр. Таза қазақша сөйлегенмен, рухани әлемі бұзылып, дүниетанымы тазармай, нағыз қазақы қалпы сақталмай отыр. Сондықтан тілімізді, ұлтымызды сақтау жолында аянбай еңбек етіп, шырылдап жүруіміздің бір себебі осы. Мысалы, Қытай елінің басын біріктіріп тұрған — қытай иероглифі. Бұған үлкен назар аударып қарауымыз керек. Қазақтың тіл жағдайы жағынан сорына біткен мәселенің бірі — аралас мектептер. Оларда орыс пен қазақ баласы араласып, орысша шүлдірлеп сөйлей бастайды. Басты орынды орыс тілі алады. Сондықтан орысты орыс, қазақты қазақ мектебіне беру керек. Қазақ тілін қазіргі қолданысқа енгізудің бір тармағы — практикалық жолмен қажеттілік тудыру. Ол үшін қазақ қандастарына тікелей талап қойып, биліктің басын ұстағандарға тілді меңгерту міндетін жүктеу керек. Билікте отырған қазақтар тіл білмесе биліктен кетсін. Сонда ғана орыстанып кеткен қазақтар да, қазақтілді қазақтар да нағыз қазаққа ұқсап, басымызға бақ қонар күн таяу болмақ.

Ұлтым — қазақ, ал дінім — хақ ислам

Ертеде қытай ойшылдары «көшпелі түрік халықтарын жаулап алуға болады, бірақ олардың ұлттық дәстүрін бұзу мүмкін емес» деп есептеген екен. Сол заманда ресейліктер қазақтарды тарихи сахнадан мәңгі жою үшін күресті, яғни отарлаудың негізінде рухани әлемді улап, санамыздан мүлде өшіріп тастағысы келді. Басты идея — қазақ халқын орыстандыру саясаты арқылы шоқындырып, ислам дінінен мүлде қол үздіру еді. Қазақтың санасын құрт секілді жегідей жеп, ұлттық өзегін жоюды көздеді. Бұл сөздерге тарих парақтары да куә. Қазақ қашанда жылқы малын киелі тұтып, маңдайына көтерген халық. Оған қарсы Н. С. Хрущевтің: «жылқыға жауша тиіп, шошқа мен жылқы етін қосып «халықтар достығы колбасасын» жасау керек» деген ойы осының айғағы. Кеңес одағының қазаққа қылғаны аз болғандай, енді көзге күйік болып қайдағы уаһабшылар қосылды. Олардың мақсаты да сол қоғамның көшірмесі секілді. Тікендей жабысып алып, жайшылықта қаймағы бұзылмаған қазақ жұртының болашағына балта шабуда. Біздер жауап ретінде ғылыми теологиялық таным тұрғысынан істерін тану арқылы жауап бере аламыз. Рухани байлығымыздан күдер үзбейік десек, қазіргі қоғамның жастарына бірліктің, рухани тұтастықтың сақталуын насихаттауымыз керек.

P. S.: Ақ жауын нөсерлетіп құйып тұрса да, бір қасық суға зар болып отырған қоғамға ой салар кеш болды. Қарап отырсақ, тіл мен діннің шашбауын көтерер мәселелер сарапқа салынды. Мекемтас Мырзахметтің қазақтарға айтар үндеуіне құлақ түрер пенде болар ма екен? Қаймана қазақ пен биліктің тұтқасын ұстаған тұлғалардың құлағына алтын сырға…

Аяулым СОВЕТ,
журналистика бөлімінің
2 курс студенті

Ана тілім, ана сүтім, арым менің…

Тілім менің – ғасырлардан аманат!
Аманатқа адал болсын Қағанат,
Ар-намысқа келтірмейік жаманат.
Қазақ болып туылдың ба, ендеше,
Өз тіліңді өзгелерге бағалат

Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын, бүкіл болмыс-тіршілігі мен сезімтүйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күре тамыр. Тіл тағдыры — ұлт тағдыры, жер бетіндегі бар халықтың қасиетті де қастерлі асыл қазынасы.

Қасиетті ана тіл! Өзің жайлы сөйлейін деп ем. Себебі сенсіз күнім жоқ. Ұлттың тірегі сенсің, сенімен сырласуға да болады, саған мұң шағуға да болады. Мыңдаған жылдар ауқымында сенің көрмегенің жоқ, басыңнан кешпегенің жоқ. Сол жылдардың бәрінде де сен қазақ дейтін шерлі де шешен, көреген де көсем ғажап халықпен жасап келесің. Әуелгі кезеңнен-ақ елді бірлікке, тұтастыққа, ынтымаққа үгіттеп, қазақ халқын қалыптастырып, ұлт көңіліндесің.

Өмір атты ұлы теңіз толқынында қазақ басынан өткен бірде-бір оқиғаны, бірде-бір құбылысты сен елеусіз қалдырған емессің, бәрі сенің жадыңда, бәрі сенің жаныңда. Қаншама ұрпақ нәр алып, қаншама жан сусындады. Сен талай ұлылар мен даналарды таң қалдырдың. Сенің сарқылмас қазынаңа көкей көзің жібере білген жан сан ләззатқа бата берері хақ. Сенің байлығыңа қаншама ғұлама, қаншама ақын, жырау, қаншама кемеңгер, шешен тамсанып өтті, өз үлестерін қосты. Сен қазақтың қайғысына да ортақсың, қуанышына да ортақсың. Адам кеудесіне жақсылық атаулы сезімнің бәрі сен арқылы ұялайды. Қаһарланса, қамал бұзар қабілетің бар, ерегіссең, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп жіберетін қасиетің тағы бар. Жерге, елге, анаға, атамекенге, жарға, қалыңдыққа деген махаббат атты ұлы сезімнің нәзік қылдарын да шертетін сен. Ақыл мен ойдың тереңдігін де, шешен мен шебердің кемелдігін де сен арқылы танимыз. Жамандық пен жақсылықты, надандық пен адамдықты, ерлік пен ездікті, парасат пен пайымды, уайым мен қайғыны, зұлымдық пен махаббатты, жауыздық пен жасампаздықты, жағымпаздық пен жарамсақтықты, мейірімділік пен қатыгездікті, қайсарлық пен қаһармандықты, сатқындық пен саранданды, толып жатқан қасиет-қылықтардың бәрін де сен арқылы әйгілейміз, сен арқылы сезінеміз, сен арқылы түйсінеміз, сенсіз күніміз қараң, сенсіз тынысымыз тар.

Сен сан түрлі қызметте жұмсалып келесің. Сен мәдениеттің, әдебиеттің, өнердің, сахнаның, білімнің, ғылымның, оқудың қоғамдық өмірдегі алуан-алуан саланың қажетіне жарап отырған қуатты құрал ғана емес, адамның азаматтық болмысын шыңдайтын атамұрамызсың, байлығымыз бен барымызсың. Сен даналыққа жетелер ақыл-ойдың кенісің, мәдениет пен парасат әлемінің айнасысың, ділдің тұғырысың.

Өткен дәуірдегі Бұқар, Махамбет, Шалкиіз, Қазтуған, Сүйінбай, Майлықожа, Біржан, Ақан, Абай сынды дүлдүлдер сайратқан, кейінгі Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Қаныш, Мұхтар, Ғабиттер түрлендірген, бүгінгі Қадыр, Тұманбай, Әбіш, Қабдештер гүлдендірген қасиетті қазақ тілі Құдай берген қазынамыз емес пе? Өз ұрпағымызды осы киелі ұрпағымыздың әлдиіне бөлеп, соның әуенімен тербеп қанаттандырған.

Осы орайда Ө. Айтбайұлының мына өлеңі тілдің қадыр-қасиетін одан әрі шыңдап, тереңдете түседі:

Ана тіл, ана сүтім, арым менің,
Баяным, бақ дәулетім, барым менің.
Өзіңменен рухым көтеріліп,
Атар ылғи арайлы таңым менің.
Ана тіл, шырқап салар әнім менің,
Сәулетім, сая бағым, сәнім менің.
Өзіңменен кеудемде көктем гүлдеп,
Өзіңменен ашылар әнім менің,

Қазақтың атын шығарған, ұлт мақтанышына айналған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, С. Сейфулин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, І. Жансүгіров, Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов сынды тұлғалардың қай-қайсысы да әуелі ана тілімен ауызданған, соны қастерлеп тұтынған жандар. Өз уызында жарып, өз ұясында түлеген талантты жан халқының кәдесіне жарамай тұрмайды.

Тіл әрбір адамға қымбат болса, әрине ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес. Осындай ұлт құрымақ. Ұлттың болуы үшін бірінші шарт — тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың жоғала бастауын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмау тиіс. Қазақпын деп сезіне білген әрбір азаматтың алдында ұлт тұтастығы мен ел бірлігінің жауынгері ретінде атқарар ісі ұшан-теңіз. Ендеше, елің үшін, жерің үшін, тілің үшін күш-қайратың мен білік-біліміңді жұмсап қал. Бұдан асқан парық бар ма азаматқа?

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнге түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды тіл жоқ» деп Мағжан Жұмабаев өз тілінше тілге үлес қосып кеткен.

Гүлдана ШӘЙМАҒАНБЕТ,
филология факультетінің
2 курс студенті

Международная аккредитация: повышение рейтинга университета

С 28 по 29 сентября 2011 года в КарГУ им. академика Е. А. Букетова прошла международная аккредитация четырех образовательных программ: «Химия/Бакалавр/Магистр», «Физика/Бакалавр», «Экономика/Бакалавр». Аккредитационный аудит осуществлялся германским аккредитационным агентством АКВИН/ACQUIN.

ACQUIN — это аккредитационное агентство, созданное в 2001 году. В настоящее время членами агентства являются свыше 100 высших учебных заведений Германии, Австрии, Швейцарии, Венгрии и других стран. Основными целями агентства являются повышение стандартов качества преподавания и обучения в высших учебных заведениях, аккредитация всех типов высших учебных заведений, программ и дисциплин, а также интернационализация немецкого высшего образования. Основными характеристиками ACQUIN являются независимость, объективность и высокое качество.

В ходе аккредитации, проходившей в КарГУ им. Е. А. Букетова, ведущие профессора университетов Германии и Великобритании встретились с ректором, проректорами, руководителями подразделений университета, преподавателями, студентами, магистрантами, выпускниками химического, физического, экономического факультетов. Итоги международной аккредитации повысят рейтинг университета и его конкурентоспособность на рынке образовательных услуг.

Соб. инф.

Здравствуй, первокурсник!

В современных условиях высшие учебные заведения должны не только готовить квалифицированных специалистов, умеющих решать научно-технические проблемы, но и работать с коллективом. Непременным условием успешного осуществления этой задачи является правильно организованная и планомерно проводимая всем профессорско-преподавательским коллективом воспитательная работа со студентами. В проведении воспитательной работы со студентами кураторам необходимо направлять усилия на формирование актива студенческой группы, добиваться формирования сплоченного коллектива, способного бороться за глубокие знания, создавать обстановку дружбы и взаимопомощи.

21 сентября 2011 года в общежитии №1 состоялся День кафедры гражданского и трудового права, на котором присутствовали преподаватели, кураторы академических групп первого курса юридического факультета. Заведующая кафедрой к. ю. н., доцент Антонина Сериковна Киздарбекова ознакомила с историей возникновения и деятельностью факультета, профилем кафедры гражданского и трудового права, перспективами развития, связями с правоохранительными, государственными органами, деятельностью и достижениями преподавателей кафедры.

Инспектор первого курса юридического факультета Маржангуль Турсухановна Акимжанова ознакомила студентов с характером и обязанностями их учебы в КарГУ им. академика Е. А. Букетова, режимом труда и отдыха в общежитии, организацией самостоятельной работы. Ознакомила студентов с порядком пользования библиотечным фондом, работой компьютерного класса в общежитии №1. Студенты в теплой, непринужденной, домашней обстановке задавали интересующие их вопросы по всем направлениям учебы, организации быта и отдыха. Преподаватели кафедры поделились воспоминаниями о своих студенческих годах, проведенных в общежитии. Студенты, проживающие в общежитии, выразили свою искреннюю признательность за заботу, хорошие бытовые условия и организацию досуга Управлению общежитий и руководству университета. Эта встреча в рамках Дня кафедры гражданского и трудового права была хорошим прологом в оказании помощи студентам первого курса в быстрейшей адаптации к новым условиям, вхождении в ритм учебного процесса, вовлечении их в общественную деятельность вуза, факультета, курса, группы.

М. Т. ИЛЬЯСОВА,
доцент кафедры гражданского и трудового права

Фастфуд — это не для нас!

Привычным делом для многих из нас стал повседневный «перекус» готовой пищей. Хот-доги, гамбургеры, сэндвичи, шаурма, чебуреки, пирожки, картофель фри, сосиски в тесте, чипсы… Фастфуд на любой вкус можно без проблем купить не только в специальных заведениях «быстрой и здоровой пищи», но и буквально на улице, в киосках-вагончиках или палатках.

Минуло уже 20 лет, как через рухнувший железный занавес к нам радостно посыпались гамбургеры. 31 января 1990 года в России появился первый «Макдоналдс», который до сих пор воспринимается нами не просто как флагман, но как олицетворение сущности, размера и вкуса самого настоящего фастфудового фастфуда. Ассортимент еды быстрого приготовления богат и пользуется спросом у населения. Исследования в 13 странах по выявлению главных любителей «быстрой еды» показали, что с формулировкой «мне слишком нравится вкус еды быстрого приготовления, чтобы я от нее отказался» согласились 45% британцев и 44% американцев. Главными гурманами не менее ожидаемо стали французы — 81% категорически против фастфуда. Забавно, что с ними солидарны жители Сингапура (75%), Гонконга и Румынии (до 73%). Многочисленные опросы показывают, что лишь треть россиян вообще не посещают точки быстрого питания. По статистике, американцы в среднем посещают их не менее 9 раз в неделю, и последствием ежедневного питания в заведениях fast food являются такие заболевания, как ожирение, артрит, атеросклероз, инфаркт и другие.

Еда быстрого приготовления приготавливается быстро. Особенно для тех, кому некогда и кому лень. Но вот во многом потому, что быстро, получается еще и вредно. Многие люди к пище фастфуд относятся как к «мусорной еде». И если раньше такой вывод напрашивался из-за большого количества мусора от упаковки, то сейчас обоснованно и конкретно — из-за самой еды. Фастфуд — виновник развития многих заболеваний. Конечно, если вы отведаете хот-дога раз в месяц, это не скажется на общем состоянии вашего организма (хотя риск отравления даже одним хот-догом вполне реален!). А вот регулярный прием в пищу готовых «уличных» продуктов чреват повышением уровня холестерина, что влечет возникновение заболеваний сердечно-сосудистой системы и желудочно-кишечного тракта. Фастфуд содержит в большом количестве жиры и консерванты, а вот полезных веществ — витаминов и минеральных веществ — в нем практически нет. Для приготовления фастфуда чаще всего используется маргарин — ненатуральный продукт, в больших количествах содержащий искусственные изомеры жирных кислот, перенасыщенные водородом. Эти так называемые транс-жиры не портятся и препятствуют порче приготовленных на их основе продуктов. Они же являются причиной возникновения проблем со здоровьем, например серьезных заболеваний сердца (ишемической болезни), онкологических болезней, проблем с нервной системой, бесплодия, сахарного диабета. При обследовании большого количества ресторанов и закусочных заведений фастфуда обнаружили, что пища, которую там готовят, содержит очень большое количество акриламида. Акриламид входит в группу канцерогенов, последствия от контактов с которыми относят к категории «состояние средней тяжести». Выявлена и причина его образования — нагревание богатой углеводами пищи.

Как правило, поглощение «быстрой пищи» происходит на ходу, в спешке, в небольшом рабочем перерыве. В результате пища не прожевывается тщательно, в желудок попадают большие куски, с перевариванием которых желудочному соку, зачастую «сдобренному» сладким газированным напитком, справиться тяжело. Добавьте к этому большое содержание специй, майонеза, кетчупа, различных соусов, которые чаще всего призваны «скрасить» настоящий вкус подпорченной пищи — вот вам и рецепт убийственной для желудочно-кишечного тракта пищи. Нарушения работы желудка со временем приводят к серьезным заболеваниям. Среди наиболее распространенных проблем желудочно-кишечного тракта, вызываемых регулярным приемом фастфуда, врачи называют панкреатит, гастрит, язвенную болезнь желудка и двенадцатиперстной кишки. Фастфуд — пища высококалорийная, поэтому не стоит удивляться, если в результате регулярного потребления пончиков и биг маков вы начнете набирать в весе. Достаточно посмотреть на среднестатистического американца — давно доказано, что причиной проблем с весом у американской нации послужило чрезмерное увлечение фастфудом. Ожирению способствует и нарушение баланса между жирами, белками и углеводами при употреблении «быстрой пищи».

Фастфуд в большом количестве содержит различные пищевые добавки — усилители, которые «заставляют» человека вновь и вновь возвращаться к употреблению подобной пищи. Конечно, полностью удержаться от употребления фастфуда в современном темпе жизни невозможно. Однако и превращать фастфуд в пищу, потребляемую регулярно, значит подписать приговор своему организму как минимум на возникновение серьезных проблем со здоровьем.

Если вы чувствуете себя зависимым от фастфуда, старайтесь избавляться от этой зависимости постепенно. Сокращайте количество потребляемого фастфуда. Установите для себя запрет на уличный фастфуд. В тех же забегаловках всегда можно купить салатик из свежих овощей вместо гамбургера и зеленый чай вместо кока-колы.

Менее травматичен для вашего желудка фастфуд, который употребляется не на голодный желудок. Съешьте что-нибудь более полезное, например овощной супчик. Это снизит риск агрессивного влияния фастфуда на слизистую желудка. Любую пищу, а тем более фастфуд нужно тщательно пережевывать, облегчая тем самым работу желудочно-кишечного тракта.

И конечно, ни в коем случае не приучайте к фастфуду своих детей. Кроме того, злоупотребление фастфудом может привести к отставанию в развитии, нарушениям работы нервной системы ребенка, ослаблению иммунной системы.

Фастфуд не должен заменить вам здоровую пищу. Цена за увлечение подобной пищей слишком высока — на кон поставлено ваше собственное здоровье. Берегите его!

Врач областного центра здорового образа жизни
З. БАКИРОВА

Молодые художники посвятили свои работы юбилею Независимости

Выставка, посвященная 20-летию Независимости Республики Казахстан, украсила стены выставочного зала Союза художников Караганды.

Ее своеобразие в том, что наряду с постоянными ее участниками (Бекметова Н., Герасимова Г., Досманов Т., Кубанов А., Макеева М., Мендикулов Р., Семина К., Тиникеева Д., Филимонов Д. и др.) впервые представили свои работы их последователи (Бейсенова Л., Григорчак Н., Дальбергенов О., Зазулина Г., Закарова Н., Нусупхан К., Оборина И., Цой В., Хабарова А., Хабарова М., Шкабара Е. и др.). Вполне понятно, что не хватает совершенства, мастерства, многие работы носят учебный характер, но подкупает искренность чувств, желание высказаться. Двадцать пять молодых художников представили на выставке около семидесяти работ.

Значительное число работ посвящено воспеванию природы родного края («Утреннее Боровое», «Озеро Сабынды-көл», «Дорога к озеру Жасыбай»), теме города («Оазис. Караганда», «Современная Караганда», «Карагандинский причал»). В центре внимания — национальные обычаи и традиции («Единство», «Байга», «Кош», «Қозым»); на конкретном материале из народной жизни молодые художники стремятся символически передать извечные вопросы радости жизни, молодости, любви («Свадьба»). Взывает к глубине веков «Огузский эпос».

Натюрморты написаны нежной, «ласкающей» кистью («Цветы лета», «Летний букет», «Подсолнухи»), а также в декоративной манере («Национальный натюрморт», «Аромат чилима», «Восточный натюрморт»).

В ряде работ, живописных и графических, передано эмоционально-чувственное настроение («Грусть»). Философия («Марсианские хроники», «451 градус по Фаренгейту»), сказка («Сказочный город», «Игра»), поэзия («Перед балом»), осмысление своего творческого «я» («Автопортрет. Ночь прекрасна», «Автопортрет. А ты сегодня улыбался»), состояние вдохновения («Гнездо»), ностальгии («Ностальгия: триптих») — так конструируется художественный мир молодых талантов. Это поистине экология юношества. Перефразируя великого Микеланджело, подчеркнем, что «искусство ревниво и требует, чтобы человек принадлежал ему целиком». А Г. Гессе сравнивал функцию искусства с функцией исповеди, само творчество считал длинным, многообразным путем самовыражения художника. Настоящая выставка — это своего рода текст художественный: диалог «с другим», общение, сотворчество.

Л. ЗОЛОТАРЕВА,
искусствовед, куратор выставки

Ақпараттар тасқыны

Кеңесші ел азбайды

Жаңа оқу жылының алғашқы екі айында ҚарМУ жастары баспасөз орталығында бірнеше мәрте бас қосты. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» демекші, жиынға жиылған қауым күн тәртібіндегі мәселелер төңірегінде пікірлесті. Санаға ой салатын өткір көзқарастар айтылды. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілген «Рухани және мәдени құндылықтар аясында студент жастарды тәрбиелеу», «Менің елім — менің мақтанышым!» тақырыбындағы дөңгелек үстел соның айқын бір мысалы.

Жалпы адамзаттық рухани-өнегелік құндылықтарды, дүниеге деген адамгершілік көзқарасты, патриоттық сезімді және әлеуметтік жауапкершілікті, азаматтық сананы қалыптастыратын мұндай ізгі шаралардың студент жастардың рухани-өнегелік тәрбиелену деңгейін, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыры сөзсіз. «Кеңесіп шешкен шешімнің кемісі болмас» деген аталы сөзге тоқтаған мемлекеттік органдардың өкілдері, Қарағанды қалалық мәслихат депутаттары, Қарағанды қаласы әскери бөлімдерінің өкілдері, ұлттық мәдени орталық өкілдері, факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, академиялық топ кураторлары, университет студенттері және жастар ұйымдарының көшбасшылары ат салысқан осындай басқосулар алдағы айларда да өтіп тұрады.

Әсел ТӘКЕНОВА,
Жастар ісі жөніндегі комитеттің маманы

* * *

Студенттерге, магистранттарға әлеуметтік қолдау көрсету академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті білім беру саясатының бір бөлігі болып табылады.

Оқу жылының басында Қарағанды мемлекеттік университетінде бірінші курста оқитын «Алтын белгі» иегерлеріне, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың қатысушыларына, жетім, әлеуметтік жағдайы аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан балаларға, Ұлттық бірыңғай тестілеу мен кешенді тестілеуден жоғары балл көрсеткішін көрсетіп, мемлекеттік білім грантын иелене алмаған студенттерге Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың грантын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. ҚарМУ гранты сонымен қатар ҚарМУ-ға магистратураға түскен оқытушылар мен университетті тәмамдаған түлектерге де берілді.

ҚарМУ баспасөз қызметі

«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін»

Елбасымыз, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ағамыз бір сөзінде « біздің түбіміз түрік, дініміз ислам, кітабымыз құран» деген болатын. Иә, сан ғасырдан бері ата дәстүрмен сабақтасып, бұл күнде де жалғасын тауып келе жатқан, біздің ұлттық қалыптасу жолымызда, рухани болмысымыздан да орын алатын осы ислам діні. Атам қазақ қолына найза алып жауға шапқанда да, ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқанда да, атасына ас беріп, үлкен бір іс қылса да құндылығын пайдаланған ислам діні. Шығыста «бір күндігінді ойласаң, күріш ек, он жылдығыңды ойласаң, ағаш ек, жүз жылдығыңды ойласаң, ұрпағыңа жақсы тәлім-тәрбие бер» деген қағида бар екен. Атам қазақ ел ертеңін тәрбиелеп өсірер сәтте бұл қағиданы да ұмытпапты, исламмен ұштастыра біліпті. Ислам діні ата сөзі, аға қаруы, інінің қорғаны секілді еді…

Тебісе-тебісе тұяқ, сүзісе-сүзісе мүйіз сынған кеңес заманында кең етек тарылып, дінге де көп қыспақ болғаны белгілі. Әкелеріміз «құдай жоқ» дегенде қол көтеріп, атасын маймыл санап, ел адасса, Абайша айтсақ, «тобырға» айналудың аз-ақ алдында, құлдық сана құлыбының кілті екі бұралған кез еді. Қазақ қылыш көтерді. Себебі тарих тауқыметіндегі қан тобыққа жеткендей еді. Ел дүр сілкініп, енді бұлай бола беруге болмайтынын біліп, тәуелсіздік аспанын, бейбітшілік таңын қалады. Ер мен ер, ел мен ел тізе қосып еркіндікке де қол жеткіздік. Ел болдық. Қазақ азат болып, өз қолы өз аузына жетіп, дін де гүлденгендей еді. Жаңа бой көтеріп, бесіктен шыққан бала құсап біз де өзге ел қатарымен, солардың сап түзеген шеруленіне қосылып, еңбектей кете бардық. Енді ғана есін жиған, жері кең байтақ, асты да, үсті де байлыққа толы ел тәуелсіздігіне бір ел қуана қараса, енді бірі қулана қарады. Ендігі тәуелсіз Қазақияның тәуелсіз жолында жол бастаушысы Нұрсұлтан Назарбаев болды. Елдің үкілеген үміті де сол кісіде еді. Ел үміті ақталды. Оған бүгінгі күн куә. Есіме гректің Прискі жазған бір уақиғасы түсіп отыр. Еділ батырға Византиядан бас уәзір Харлампи өздерін жаулап алмасын деген өтінішпен келіп, алайда ебін тауып оны өлтірудің амалын іздесе керек. Бірде әлгі Харлампи Еділ батырға қызмет ететін бір гректі кездестіреді. Оны көрген Харлампи: «сен мұнда неғып жүрсің, бұлар бізге дұшпан ел ғой» дегенде, әлгі грек: «жоқ, бұл әділетті ел. Ал, біздің еліміздегі заңдардың бәрі жоғарыда отырған адамдарға ғана қызмет етеді, солардың мүддесін ғана қорғайды. Мен, міне, бөтен адаммын, олар менің құқымды бұзбайды. Сыйлайды, еңбегімді бағалайды. Демек, маған мұнда өмір сүру тиімді» деп жауап берген көрінеді. Өзгені өзекке теппейтін елбасы саясаты кешегі бабаларының жолымен жалғасын тауып жатыр емес пе?! Бұлай дейтінім, 140 этносы, 40-қа жуық конвенцияны құраған Қазақ елі алға өрлеуде. Тағы да елбасының ерен еңбегі. Ендігі қазақ елі дамуға, даму жолына түсті. Қаншама ұлтты бір тудың астына тату-тәтті өмір сүруге шақырды. Солай болды да. Алайда адамзатпен бірге келе жатқан дін бар болатын, кешегі емес, бүгінгі, жол-жолға, тарам-тармаққа бөлінген дін. Елбасы бұны да ескерусіз қалдырмады. Қаншама дін өкілдерін Қазақияға жинады. Соларға арнап Астанадан «бейбітшілік пен келісім сарайы» дейтін, үш бұрышынан да күн түсетін керемет пирамида салып берді. Осының бәрі ғаламда қарудың орнын алмастырған, жауыннан кейінгі саңырауқұлақша қаптаған секталарды, түрлі-түрлі изм жалғауы жалғанған ағымдарды, солардың шаhидпыз деп сандалып, ел арасына салған дүрбелеңдерін, өзін-өзі жаратын көзсіз батырлардың алдын алу еді. Иә, әлемді жаулаған, ел аралаған сектаның ызғарлы лебі бізді де айналып өтпеді. Оған да бүгінгі күн, болып жатқан оқиғалар куә. Көзді ашып қарасаң, соларға ұрынып жатқанның басым бөлігі елдің қорғаны, ұланы, ертеңі дейтін жастар екен. Алқалаған дүйім алашқа билік айтқан хан Абылай «білекке сенер заманда, ешкімге есе бермедік, білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік» деп бізге ескертеді. Секталардың артынан отар қой секілді кетіп бара жатқан сол білімсіз жастарымыз. Бұны кезінде білген, екі әлем сардары пайғабарымыз (с.ғ. с) «исламға келер қауіптің бірі — шала білім» депті. Тарих сахнасында, ел тарихында, бірін-бірі қырған деп қалу қандай қорқыныш. Көзімізбен көрдік, қаншама қазақ баласын, қазақ болып туғанына өкінгенін, ата-баба аруағына лағынет айтып, өзін туған әке-шешесін кәпір санап, дұғаға қол жаймағандарды. Міне, бұның бәрі ендеше, сол өздерін жәннат жаршысы санайтын сектаның салдары. Бізде демократия деп қара жамылған қыздар, ақиқат жолындамыз деп теке сақал қойған ұлдар да ортамызда толып жүр. Тағы да шала білімділік, әсілі түсінбеушілік. Ерден езге айналып, екі кітап оқып, өзін ғұлама санайтын, елдің ертеңіне күмәнмен қарап, іріткі салуға ат салысып жатқан да шала білімділер. Ислам діні, пайғамбар сөзі, «Аяз ата келіп тұр» дейтіндей оңай шумаққа құрылған өлең, айта салатын аңыз әңгіме емес екенін түсіну керек. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» — данышпан Абай сөзі. «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» дейді Ахмет Байтұрсынов. Олар келешек елдің кепілі деп бүгінгі жастарды, бізді көрсетті. Түнге емес, күнге ұмтылайық, қазақ баласы. Қазақстанды гүлдендіріп, ел сенімін ақтайық, еліміздi әлемге паш етейік. Күймеспіз. Ендеше, аса құрметті студенттер, біздің міндетіміз үлкен. Демек, біз ислам әлеміне біліммен аяқ басуымыз керек екен. Біз оқып жүрген ҚарМУ да осы білімнің қайнар көзі. Дін — ол тек медреседе оқу емес. Математик болып та діниіне үлес қоса аласың. Тек жан таза, жүрек ақ, жол түзу, дұрыс білім болу керек. Желпініп жүріп секта құрығына түсіп қалмаңдар. Университет пен ел абыройы, ертеңгі мәртебесі жастардың қолында. Ертең мен «түзу жолдамын» деп, балақ қысқартып, сақалын Абайдан да асып, киімізден тек көзіміз ғана көрініп тұрып жүрмесін. Ақиқатын Алла білер. Айтайын дегенім, сектадан сақ, ел ертеңіне қырағы болайық!

Амангелді ҚҰРАҚБАЙ,
филология факультетінің 2 курс студенті

Талаптың мініп тұлпарын, білімге ұмтыл, ұрпағым

Тағы да бір мерейлі кештің куәсі болдық. Қарағанды мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында көпшіліктің көзайымына айналған көрме ұйымдастырылды. Қаламыздағы № 1 өнер мектебі бейнелеу бөлімінің жас суретшілерінің қиялынан туындаған ғажайып туындыларды көріп шынында таң қалдық. Өрімдей ұл-қыздарымыздың қолынан шыққан дүниелер олардың өнерге деген шексіз махаббатын айғақтай түскендей. Бірі бірінен өткен суреттерден көз сүрінеді.

Университетіміздің кәсіби-көркем өнер факультеті мен өнер мектебі арасында шығармашылық тығыз байланыс орнатылған. Өнер адамы деген өнер адамы. Жан дүниесін рухани азықпен қоректендіріп жүрген жас өрендер ҚарМУ-ға құр қол келмей, көрме ұйымдастырып, ән мен күйден шашу шашты. Өнер құдіретті тылсым дүние. Жас шалғындай жайқалған жастардың бойындағы жалынға ұшқын берсе, лапылдап жануға даяр тұр. Көрмеге қойылған суреттерге тіл біткендей, әрқайсысы өзінше әдемі. Үңіліп қараған сайын қазақтың кең даласын шарлап кеткендей боласың. «Өнер, білім жастан» деген. Көрмеге қойылған көз жауын алатын картиналар жас өрендердің болашағынан зор үміт күттіреді. Өнерімен тәнті еткен жастарымыз Қазақстанның кемел келешегінің айбыны. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «жастар — біздің болашағымыз ғана емес, олар болашақты жасайтын біздің бүгініміз». Шын мәнінде бүгінгі жас ертеңгі елдің мызғымас тірегі. Болашақтың кілті жастардың қолында.

Кеш барысында домбыраның қос шегінен күй төгілтіп ата-бабамыздың сырын ұқтырған еркін елдің ұландары алпыс екі тамырды идіріп, тұла бойға нәр құйды. Сананы сан саққа жүгіртіп, көңілді көкке көтеріп, жанымызды бір серпіп тастады. Оттай лаулаған білімді әрі өнерпаз жастарымыз бар өнерлерін көрсетіп көзге түсе білді. Осындай өнерлі де білімді ұрпақ өсіп-өніп келе жатқанда елдің ертеңі жарқын.

Ә. ТОРБАЕВА,
ТҰжККҚБ-30 тобының оқушысы

Туған тілім — мерейім

Міне, биыл дербес, өз алдына тәуелсіз, егеменді ел болғанымызға 20 жыл толып отыр. Әрине, 20 жылда атқарылған шаруалар аз емес. Еліміздің еңсесі тіктеліп, биік белестерден көрініп жатқанын да айтуға нақты мысалдар жеткілікті. Қазір Қазақстанды әлем таниды, барша мойындайды. Әрине, мұның бәрі ең алдымен Алланың бізге берген сыйы деп, содан кейін Елбасының жарқын істерінің жемісі деп білеміз.

Әрине, 20 жыл ішінде «болдым-тойдым» деп айтуға болмас. Әлі күнге шешімін таппаған мәселелер де бар. Солардың қатарынан ойып орын алатын өзекті мәселенің бірі — тіл тағдыры.

«Тіл — халықтың жаны. Сондықтан тілсіз — халық, халықсыз — қоғам жоқ. Демек, халық, тіл, қоғам — бұл үшеуі диалектикалық бірліктегі құбылыстар» деп академик Хайролла Нұрмұқанов айтып кеткендей, «ұлт, тіл, халық, қоғам» тамыры тереңде жатқан, бір-бірімен мазмұндас, мақсаттас ұғымдар. Сондықтан да бұл ұғымдар мәңгі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте өмір сүреді. Әр ұлттың, халықтың өзіне тән ана тілі, ұлттық тілі болуға тиіс. Сол сияқты бүкіл әлем танитын Қазақ елінің де өзіне тән ана тілі, яғни қазақ тілі бар. Алайда сол ана тіліміздің бүгінгі таңдағы жай-күйі бәрімізге белгілі. Сол ұлттық тіліміздің кей тұсқа келгенде әлі де ақсап жатқаны жүрегінді ауыртып, жегідей жейтіні хақ.

Тәуелсіз, егеменді ел болғанымызға 20 жыл толса да әлі күнге дейін тіліміз шүлдір-шүлдір. Кейбір қазақ жастары бір-бірімен орысша сөйлесіп, кейбір қазақ балалары орыс тілді оқу ошақтарында білім алуда. Міне, осындай олқы қылықтарды қайтсек жөндейміз деп қазақ тілінің тағдыры үшін шыбын жаны шырылдап жүрген ұлтжанды тұлғаларымыз бар. Олардың қатарында: Туған жері — түп қазығы, айбыны, Туған тілі — мәңгі өшпес айдыны» деп жырлаған Мұхтар Шахановтай ағамызды айтпай кетуге әсте болмас. Жазушы Шерхан Мұртаза ағамыздың да бір кездері «Тілі жоқ халық — балық, ал менің балық болғым келмейді» деп қазақ тілінің қамын жеп айтқан сөздері есімізде. Тек көрнекті тұлғаларымыз ғана емес, қазақ ұлтының әрбір ұлтжанды азаматы «тілім үшін жаным құрбан» дейтіндей дәрежеде болуы тиіс. Яғни өз ана тілін шұбарлап сөйлемей, өзгеге үлгі-өнеге бола білуі керек. Жалпы алғанда ұлт болып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп жұмыс істегенде ғана біз нәтижелі жеңістерге жетеміз. Ал, керісінше, өз елімізде, өз жерімізде өзге тілге тәуелді болып, туған тіліміздің тағдырын тәлкекке айналдырсақ, бұл біздің барып тұрған ең бір осал тұсымыз болары айдан анық. Ана тіліміздi өгейсітпей, қайта қадір-қасиетін асқақтатып, мерейін үстем етуге тырысайық, достар!

«Ел ертеңі — жастар» демекші, қазіргі және болашақтағы Қазақстанның іргесін берік етіп қалап, тұтқасын ұстайтын ұлтжанды жастарымыз да ең әуелі осы тұсқа келгенде ақсамай, сақадай сай тұруы керек. Міне, сондықтан туған тілді қадірлеп, құрметтеуді, аялап, ардақтауды ең әуелі өзіміздeн бастайық!

Маржан КИТАЙБЕКОВА,
КС-21 тобының студенті

О проблемах истории и современности

Посольство Республики Польша в Астане совместно с Карагандинским государственным университетом им. академика Е. А. Букетова и Карагандинским областным польским обществом «Полония» проводит международную научную конференцию, посвященную 75-летию депортации поляков в Казахстан. Конференция состоится 17—18 ноября 2011 г. на базе Карагандинского государственного университета им. академика Е. А. Букетова.

Основной целью конференции является напоминание о драматических событиях современной польской истории — сталинских депортациях, в которых с 1936 года поляки оказались первыми жертвами в набирающем обороты механизме репрессий. Участие ученых научно-исследовательских центров и вузов Казахстана, Польши, стран СНГ обеспечит многогранный взгляд на проблематику депортаций и аппарата репрессий, которые в равной степени затронули поляков, украинцев, казахов, немцев, русских и представителей многих других национальностей. Планируемая конференция имеет особое значение как с точки зрения оценки состояния исследований этой проблемы, так и для исторической памяти всех народов, которые пострадали в результате сталинского террора.

Для участия в конференции приглашены специалисты из Польши (Центр Карта), эксперты и ученые казахстанских и российских академических учреждений (Карагандинский государственный университет им. академика Е. А. Букетова, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева (г. Астана), Омский государственный университет имени Ф. М. Достоевского и др.) и государственных организаций: Комитет информации и архивов Министерства связи и информации Республики Казахстан, Карагандинский государственный архив, Государственный архив Павлодарской области, Государственный архив Костанайской области, Северо-Казахстанский государственный архив, Государственный архив Акмолинской области, муниципальный архив г. Омска, музей памяти жертв политических репрессий в Долинке, музей памяти жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР».

Заявку на участие в конференции (согласно приложенному образцу) просим высылать в электронном виде по адресам: conf.pl.ksu@mail.ru, skarstina@mail.ru.

Заявки принимаются до 5 ноября 2011 года.

Контактная информация: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28; тел. 8(7212) 77-01-36, факс 8(7212) 77-03-84.

Контактное лицо: Карстина Светлана Геннадьевна, начальник Управления послевузовского образования и международных программ Карагандинского государственного университета им. академика Е. А. Букетова.

Олимпиада для будущих историков

4 ноября 2011 года исторический факультет Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова проводит олимпиаду среди школьников по истории Казахстана «КЛИО-2011».

Рабочие языки олимпиады: казахский, русский.

К участию в олимпиаде приглашаются учащиеся 11 классов общеобразовательных школ, лицеев, гимназий, школ-интернатов г. Караганды, городов-спутников и области.

Олимпиада проводится в два тура:

1-й (отборочный) тур будет проведен **4 ноября 2011 года** в 9.00 в форме тестирования. Каждый вопрос тестового задания олимпиады оценивается в 1 балл.

2-й (финальный) тур будет проведен **4 ноября 2011 года** в 15.00. Включает в себя письменные ответы на вопросы. Участниками 2-го тура олимпиады являются конкурсанты, набравшие максимальное количество баллов в 1-м туре. Право отбора участников 2-го тура — за жюри.

Победители олимпиады определяются по максимальному количеству набранных баллов в двух турах. Победители олимпиады награждаются:

1-е место — диплом и сертификат на получение 50%-й скидки на обучение при поступлении на исторический факультет Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова.

2-е место — диплом и сертификат на получение 30%-й скидки на обучение при поступлении на исторический факультет Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова.

3-е место — диплом и сертификат на получение 10%-й скидки на обучение при поступлении на исторический факультет Карагандинского государственного университета им. Е. А. Букетова.

Организационный комитет и жюри олимпиады по истории Казахстана формируются из профессорско-преподавательского состава исторического факультета КарГУ им. Е. А. Букетова. Конкурсные задания разработаны членами организационного комитета и жюри для учащихся 11 классов.

Условия участия

Для участия в олимпиаде необходимо представить заявку по адресу: г. Караганда, ул. Университетская, 28, КарГУ им. Е. А. Букетова, деканат исторического факультета (корпус №3), кабинет 508, или по электронным адресам: olimpiadaklio-2011@mail.ru, aigera-8916@mail.ru. Телефон для справок 77-04-09 (деканат).

Для учителей-историков, прибывших для сопровождения участников олимпиады, будет проведен семинар на тему «Казахская интеллигенция и идея независимости», посвященный 20-летию независимости Казахстана.

Учитель по жизни

Прогрессивное развитие общества — результат деятельности творческих людей, истинных патриотов своей профессии.

Ортая Абдрахмановича Абдрахманова я знаю с 1977 года. В тот год меня пригласили работать на кафедру методики преподавания математики, которую возглавляла ныне покойная к. п. н., доцент Н. П. Кострикина. На подготовительном отделении — его раньше еще называли рабфак — занятия по математике вели преподаватели этой кафедры. Я на подготовительном отделении вела занятия по математике. А затем меня назначили заместителем декана по учебной работе. Так на протяжении нескольких лет я работала рядом с деканом подготовительного отделения доцентом О. А. Абдрахмановым.

Не скрою, поначалу было очень трудно. Он с раннего утра до позднего вечера находился на работе, чего требовал и от других. Расхожего лозунга «Война войной, а обед по расписанию» для него не существовало. В 70-е годы подготовительное отделение было размещено на втором этаже бывшего общежития КарГУ им. Е. А. Букетова. За короткий срок этаж был обустроен, чтобы принимать слушателей подготовительного отделения: были открыты учебные аудитории, кабинет для преподавателей и другие помещения, были оформлены различные стенды, освещающие учебно-воспитательную работу, спортивную, культурную жизнь слушателей, изготовленные силами самих же рабфаковцев, а на пятом этаже общежития жили иногородние слушатели.

Все это говорит о его высоких организаторских способностях как руководителя. К тому же он был хорошим психологом. В молодых людях, юношах и девушках, он с первого взгляда мог распознать талантливого человека. И проверял студентов в деле, назначая их ответственными за самые различные направления общественной жизни. И он, как правило, не ошибался в своем выборе: всё и всеми исполнялось четко и вовремя, с большой ответственностью и аккуратностью. Молодежь постепенно приобщалась к общественной жизни в коллективе.

Строгая дисциплина, порядок и учеба были основными критериями. Этого он требовал как от слушателей, так и от преподавателей. Помню, как по утрам он часто встречал преподавателей на первом этаже, у входа в здание. Опоздания на занятия, срывы занятий были ЧП.

Слушатели подготовительного отделения были под строгим контролем декана как днем, в течение учебы, так и вне занятий. Они знали, что даже глубокой ночью их могут посетить с проверкой. Для многих молодых преподавателей он стал наставником, а для слушателей — отцом.

Все слушатели, выдержавшие выпускные экзамены, продолжили обучаться своим специальностям на соответствующих факультетах университета. Многие из них в настоящее время занимают высокие должности в различных сферах деятельности и вспоминают добрым словом своего первого декана.

Когда в 90-е годы руководство университета назначило Ортая Абдрахмановича деканом биологического факультета, он со своими организаторскими способностями был более необходим молодому биологическому факультету.

Профессор Абдрахманов отличается особой, присущей ему активной, созидающей, творческой позицией. Огромен его вклад в формирование и развитие духовной культуры молодежи нескольких поколений слушателей, студентов и преподавателей. Сегодня О. А. Абдрахманов продолжает работать в Карагандинском государственном университете имени академика Е. А. Букетова: проводит занятия, выполняет общественную работу. Поздравляя его с юбилеем, хочется пожелать этому светлому, трудолюбивому человеку крепкого здоровья, огромного счастья в семейной жизни и долгих лет творческой деятельности в нашем университете.

Заведующая кафедрой методики преподавания математики и информатики
К. Т. БЕРТИСКАНОВА

Ученый совет

Грант для молодых ученых

Совет молодых ученых КарГУ им. Е.А.Букетова объявляет ежегодный конкурс на грант Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова для молодых ученых. Целью конкурса является стимулирование развития прорывных научно-исследовательских разработок и повышение квалификации молодых ученых КарГУ им. Е.А.Букетова.

В конкурсе могут принять участие молодые ученые в возрасте до 40 лет, активно участвующие в проведении исследований по приоритетным направлениям развития мировой науки. Претенденты на грант должны работать или обучаться в КарГУ им. Е.А.Букетова, иметь необходимые профессиональные знания и достаточный задел в исследуемой области, подтвержденный публикациями в высокорейтинговых отечественных и зарубежных научных журналах и изданиях. К претендентам на получение грантов предъявляются следующие требования:

- высокая степень разработанности научной проблемы;
- уровень и количество публикаций;
- участие в конференциях, выставках и конкурсах (уровень мероприятий, значимость докладов);
- наличие объектов интеллектуальной собственности (патентов, предпатентов, авторских свидетельств на изобретение, заявки на изобретение);
- степень участия в выполнении научных программ различного уровня;
- научно-организационная работа (участие в работе редколлегий научных журналов; участие в работе организационного или программного комитета научных конференций и др.).

Срок подачи заявок: с 12.10.2011 по 12.11.2011. Заявки на участие в конкурсе представлять в Инновационно-технологический центр (гл. корпус, каб. 233, тел. 77-04-25).

За дополнительной информацией также обращаться в Инновационно-технологический центр. Положение о конкурсе размещено на сайте www.ksu.kz.

Анонс

Перспективы развития университетов обсудят на международном форуме

7 декабря 2011 года состоится международный форум «Университет в глобальном мире: пути и формы взаимодействия». В рамках форума запланированы дискуссии по следующим вопросам высшего и послевузовского образования:

- оценка качества образовательных программ: подходы, методы, критерии;
- высшее образование и современное общество;
- исследовательские университеты: мировой опыт и перспективы развития.

Заявку на участие и регистрационную форму можно заполнить на сайте www.ksu.kz.

Айтайын дегенім...

Айтылған сөз – атылған оқ

Жүректен шыққан сөз — жүрекке жетсе, тіліміздің ұшынан ұшқан сөз — екі құлақтан әрі аспайды. Аңдаусыз сөйлеп талай жанның жанын жаралаймыз. Осылайша, ғұмырлық жазылмас дерт қалдырамыз.

Әсіресе, қазіргі жастар, яғни біздер… Жасыратыны жоқ, біз бәрінен ақылды санаймыз өзімізді. Келіспейсіз, әрине. Оны біреудің көзінше мойындамаймыз. Ал, шынтуайтына келгенде, ешқайсымыз, ешқайсымыз ақыл тыңдауға жоқпыз, ешкімнің сөзін керек қылмаймыз. Оған уақыт та таппаймыз. (қажет қылмаған соң…)

…Бірақ, кейде ақыл айтатын адам да табылмай қалады. Ал дәрменсіз жағдайға тап болған адам, тап бір өрмекшінің өрмегіне түсіп қалған жәндіктей ербеңдеп, айналасынан жәрдем іздейді. Сол тұста қасында бір жақсы, жанашыр ақылшың табылмаса қиын.

Көпшілік адамдар ақыл, кеңес айтуға келгенде алдына жан салмайды. Кейде сондай «ақылгөйлердің» кеңестері салдарынан «момын» жандар опық жейді.

Ал, кейде сөздер тым артық болып кетеді. Олар көбейген сайын дәмін де жоғалтады. Тіпті кейде айтқымыз келгені мүлдем сол болмаса да, сезімдер мен ойларымыз сол сөздерде тоғыспай-ақ сөздерді шаша береміз.

Ал сосын бізді түсінбей жатса, ренжиміз… Себебі — өзімізде.

Әр сөз — ерекше. Онымен бірге түрлі сезімдер оянады. Сөздің түсі, көлемі, тереңдігі, сондай-ақ көңіл-күйі болады. Ал оларды нәрлендіре реңк беретін — өзіміз. Сондықтан да, «Көп сөйлеген бірде адасып жаңылмақ, Көп ойлаған өсе бермек жалындап, Ой дегенің ол бір теңіз толқынды, Ал асыл зат тек тереңнен табылмақ» дегендей, көп сөйлемей, тұжырымды, аз да болса, нәрлі сөйлегенге не жетсін!

Сөздің қадірін білейік…

М. ТОМАШ

Ақпараттар тасқыны

Құлақтандыру

2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап университетте 3 жаңа электрондық ресурстар залы өз жұмысын бастады. Олар: № 3 (тарих және биология-география факультеттері), № 8 (филология, философия және психология факультеттері) және № 10 (шет тілдер және әлеуметтік-педагогика факультеттері) оқу ғимараттарында орналасқан. Залдар дербес компьютерлермен, интерактивтік тақталар, проекторлармен, принтерлермен, түптеушілермен және басқа да техникалармен жабдықталған. Пайдаланушыларға Интернет желісінен ашық ресурстар және 20-дан астам сыртқы деректер базалары мен жалпы университеттік толық мәтінді және библиографиялық деректер базаларын ұсынамыз.

ҚарМУ Ғылыми кітапханасы

«Қазақстанның» қазақша сөйлей бастағаны қуантады

«Үстігіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан» ұлттық телеарнасы тек қазақша хабар тарататын болады» деген жаңалықты естігенімізде бәріміз бір жасап қалдық. Жарты ғасырдан астам тарихы бар қазақ телевизиясының қара шаңырағына айналған арнаның таза қазақша сөйлеуі көп көңіліне медеу болды. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай бұл игі істің қолға алынуы жұртшылық үшін жасалған үлкен тарту. Шешім қабылданар кезде кейбіреулер «Қазақстандағы» бағдарламалардың сапасы төмендеп, бәсекелестігін жояды. Онда шығарылатын телехабарлар тек эфир толтырылу үшін ғана шығатын болады деген уәж айтқан еді. Десек те, күдіктен үміт басым болды. Қазақ елінде таза мемлекеттік тілде хабар тарататын телеарнаның болмауы — халқымыз үшін үлкен сын.

Міне, «Қазақстанның» қазақша сөйлей бастағанына да бір айдан асты. Телеарна бұрынғы беделін арттыра түспесе, кеміткен емес. Арнада жаңа бағдарламалар көбейіп, ұлтымыздың ұлы құндылығы ана тілімізді ұлықтауда жемісті еңбек етіп келеді.

Осы орайда, бір айта кететін ұсыныс та жоқ емес. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының әр облыста филиалдары бар екендігі баршаға белгілі. Алдағы уақытта аталмыш бөлімдер де ана тілімізде хабар таратса, нұр үстіне нұр болары хақ. Қазақстанның кіндігі Сарыарқа жеріне де тек мемлекеттік тілде хабар әзірлейтін сапалы телеарна керек-ақ…

Ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, тарихи тұлғалар мен ұлт үшін жанын қиған аптал азаматтарымызды кейінгі ұрпақ-қа кеңінен насихаттап, қаладан шалғайдағы ауылға дейін жер жаһанның соңғы жаңалықтарымен дер кезінде таныстырып жүрген телеарнаның алдағы күнгі жұмыстарына толағай табыс тілей отыра, ақпараттық кеңістікте ұлттық телеарнаның әр хабарынан ұлттық рух пен ұлттық нақыш сезіліп тұрсын деген тілек білдіреміз.

Ербол САРМУРЗИН

Интеллектуалды жастар – ел болашағы

Әлемде көптеген өзгерістер болды. Заманның келбеті өзгерді. Қазір басқа ғасырда, басқа саяси жүйеде өмір сүрудеміз. Алайда бір жәйт анық, бүгінгі бәсеке заманында ғылым мен техниканы жетілдірмей қатарға қосылу, шын мәнінде тәуелсіз ел болу мүмкін емес. Ғылым адамзат өмірінің ең шешуші факторына айналды. Бүгінгі күні елдің шаруашылығын, мәдениетін, оның қорғаныс қабілетін жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады.

Өткен мен бүгінгі тарихқа көз жүгіртсек әр елдің экономикалық және әлеуметтік тығырықтан шығу жолдарының бірі — қоғамның технологизациялануы мен ақпараттануының жоғары деңгейіне көшу. Мәселен, Мәйдзи Исин 1868 жылы Жапонияда реформа өткізу барысында дәстүрлі технологиялардан бас тартып, сол уақыттағы үздік технологияларды қолдану арқасында индустриялды елдер тізіміне алғашқылардың бірі болып енді. Германия болса екінші дүниежүзілік соғыстан кейін технологиялық қауқарын қалпына келтіруге көп көңіл бөлді, соның нәтижесінде әлемнің өзге алпауыт елдерімен тең иық тірестіруде. АҚШ, Біріккен Араб Әмірлігі, Дубай және т. с. с. ғылымның қадірін, күшін дұрыс бағалап, түсіне білген елдердің тізімін әрі тізе беруге болады. Алайда айтпағымыз елдің бүгіні мен келешегі ғылымда, яғни ғылымды жасайтын, оны сапалы етіп халық игілігіне жарататын интеллектуалды жастарының қолында.

Бүгінгі ақпараттық қоғамда оқу жүйесінің өзіне де қойылар талап күшеюде. Постиндустриальді құрылым әр кез жоғары білікті элита, меритократияға зәру болады. Қазіргі ақпарат заманында ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері қолданылатын өндіріс, сауда, қызмет көрсету саласы рөлінің арта түсуіне байланысты еліміздің бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отыр. Қоғамдық өндіріс салалары да, еліміздің өзі де білім беру жүйесі бәсекелестік қатынастарға төтеп бере алған жағдайда ғана бәсекеге қабілетті болмақ. Бүгінгі таңда кез келген елдің бәсекеге қабілеттілігі білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне келіп тіреледі. Сондықтан барлық дамыған елдерде білім беруге жете назар аударылуда. Осыдан келіп білім беру үдерісіндегі түрлі көзқарастар арасында бәсекелестік жүріп жатыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінде студенттер алдында оқыған дәрісінде білімнің ел өмірінде алатын ерекше рөлін: «Ұлттар тек тауарлар және қызметтермен ғана бәсекелесіп қана қоймай, сонымен қатар олар қоғамдық құндылықтар жүйелерімен және білім беру жүйесімен бәсекелесуі қажет» деп нақты белгілеген болатын. Сондықтан бүгінгі күнгі озық технологиялар мен жаңашыл ойларды жетік игерген, өзін де, елін де таныта алатын жастарды тәрбиелейтін ыңғайлы оқу жүйесі болуы керек.

Әлемдік білім беру жүйесінде көш керуен алда келе жатқан алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін саралай отырып, оқу жүйесінде байыпты өзгерістер жасаған абзал. Оның ішіндегі негізгі салмақ жоғары оқу орындарына түспек. Себебі еліміздің жоғары оқу орны жүйесі тек жоғары білім берудің ғана емес, бүкіл білім беру жүйесінің жаңаруына ұйытқы болуы аса қажет. Есімі әлемге әйгілі испандық философ және мәдениеттанушы Х. Ортега-и-Гассет «Миссия университета» еңбегінде университетті интеллектуалды элитаны тәрбиелеу орталығы дейді. Ғалым университеттің міндетін «дарындылар аристократиясын» тәрбиелеуден көреді. Яғни интеллектуалды элитаны элиталық білім бере отырып тәрбиелеп өсіріп шығаратын жер жоғары оқу орындары. Элитарлық білім интеллектуалды жастарды қалыптастыратын бірден-бір негізгі көз.

Мәселен, XX ғ. 60-шы жылдары Батыста құрылымдық функционализм «дағдарысына» жауап ретінде «адамдық капиталы» (человечески капитал) концепциясы қалыптасып дамыды. Осы тұста көптеген мамандар білімнің экономикалық тұрғыдан рентабельді екендігі туралы айта да, жаза да бастады. Американдық әлеуметтанушы Э. Денизон 1950-1962 жылдар аралығында АҚШ-тың ішкі ұлттық өнімінің өсуі білімге жанама, тікелей түрде ақша салуына байланысты болғандығын айтады (38 %). Мұндай қорытындыға өзге американдық экономистер Г. Беккер мен Т. Шульц те келеді.

Бұл концепция бойынша оқыту мен тәрбиелеу мәдени, рухани құндылықтарды жинақтау тәрізді «адамдық капитал» жинақтау үрдісі. Бұған қоғамдық жағдайды арттыруға бағытталған қызмет жатады. Яғни «Адам капиталы — бұл адамның сапалық және сандық көрсеткіштерімен анықталатын, табиғи болмысы мен әлеуметтік қатынастардың негізінде қалыптасатын әлеуметтік мәні бар зор қабілеті, білімі, білігі, дағдысы».

Осы аталмыш концепцияның мәнін жете түсінген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекеттік бюджеттен жастарға қаржы бөле отырып, олардың ертең ел экономикасын көтерудегі рөліне айрықша зеректікпен саяси қадам жасаған болатын. Сондықтан елдегі экономикалық қиындықтарға қарамастан «Болашақ» бағдарламасын тәуелсіздікке екі жыл толар-толмас уақытта, әлемнің белді жоғары оқу орындарында елдің келешегін жақсартатын білімді де білікті кадр даярлау мақсатында жүзеге асырған болатын. Міне, содан бергі азғана «… 15 жыл ішінде 26 ұлттың өкілі кіретін 3850 талапкерге Елбасы стипендиясы тағайындалған, олар әлемнің 32 еліндегі 63 жоғары оқу орындарында білімдерін…» бүгінгі күнге сай ұштап жатқандығы көреген саясаткердің пысықтығы. Осының арқасында мыңдаған дарынды жастар әлемнің белді университеттерінде білім алуда. «Адамдық капитал» концепциясының біздің елде жүзеге асуының бұл бірден-бір дәлелі.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашақ» стипендиясына иегер жастармен Астанадағы кездесуінде «Болашақтың» бәсекеге қабілетті ұлттың қатарына қосылу үшін жасалған ең маңызды жобалардың бірі екендігіне тоқталды. «Мұны ұғу үшін дамудың жаһандық бағыты қалай қарай кетіп барады, соны білуіміз керек. Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. Дамыған елдердің ұлттық байлығының 75 пайызы осы интеллектуалдық капиталды құрайды. Бәсекенің бастысы — білімнің бәсекесі. Алдыңғы қатарлы елдердің экономикасы ғылым мен бизнестің аспектілеріне негізделген…. Біз инновациялық төңкеріс үшін дайындықтамыз. Нақты мақсатымыз бар. Ол — халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытында жұмыс істейтін жоғары технологиялық мемлекетке айналу. Өйткені мұнай-газды, басқа да ресурстарды біз мәңгілікке пайдалана алмаймыз. Біздің мақсатымыз мынадай басымдылықтарға ие болады. Бұл ең алдымен, басқарудың тиімді тетігін білетін жастардың шоғырын қалыптастыру. Олар мемлекеттік басқару мен бизнес саласын жетік меңгерген мамандар болуы қажет. XXI ғасырда қалай жұмыс істеу керектігін білетін мамандар Отанның мақсат-мүддесін алдыңғы орынға қоятын патриоттар болып қалыптасады. Оның үстіне олар менеджменттің де қыр-сырын білетін болуы керек. Жаңа идеяларға бастамашы болуы шарт. Өйткені, біз мемлекеттік басқаруға білімді, жан-жақты дайындығы бар, тәжірибелі адамдарды тартамыз…» — дей отырып, Елбасымыз жастарға, білімді жастарға үлкен сенім артады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы орайда интеллектуалды ұлт — 2020 идеясы турасында былай дейді: «идеяның басты мақсаты — жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек. Бізде әр жеті-сегіз жыл сайын өз ісінің шеберлері көбейіп келе жатқаны дәлелденіп отыр. Сөйте тұра, осыны қанағат тұта отыра бермей, жастар бойында қас пен көздің арасында жаңарып жатқан ақпарат тасқынынан өзіне қажеттісін іріктеп алатын жасампаздықты шыңдау қажет. Бұл үшін жаңаша оқыта алатын ұстаздар керек… Екіншіден, электрондық қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек… Үшіншіден, жастардың рухани тәрбиесіне айрықша көңіл бөлу…»

Елімізде ел келешегін ойлаған интеллектуалды жастарды қалыптастыру мәселесі Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған елеулі саясатымен үндеседі. Жастардың оқуына жұмсалған шығын ертең интеллектуалды өнім есебінде елге қайта оралады. Бұл бір жағынан мемлекетке байланысты болса, екінші жағынан жастардың білімге деген құштарлығына байланысты. Сондықтан жастарды білімге тартқан абзал.

Қорыта келе мынадай ой түюге болады: мемлекеттің болашағы — интеллектуалды жастарды қалыптастыру үш деңгейде жүруі керек: I деңгей. Мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелері. Бұлардың мақсаты балалардың бойындағы қабілеттерін ашып, дарындылықтарын өрбіту; II деңгей.

Жоғары оқу орындары. Мақсаты — жоғары біліктілікті, білімділікті қалыптастыру. Студент жастардың бойында кәсібилілік қабілеттерді шыңдау; III деңгей. ЖОО-нан кейінгі білім. Мақсаты — жастардың бойында ғылымға деген ептілікті, зерттеушілікті және т. с. с. қабілет-қасиеттерді дамытуға жағдай жасау.

Сонымен интеллектуалды жастарды қалыптастыру, оны тәрбиелеу ЖОО-ның негізгі міндеті болып отыр. Жоғары білім жүйемізді бүгінгі заман талаптарына сай жасақтап, рухани мәдениетімізді, қаржылық, техникалық ресурстарымызды өнегелі, жоғары интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеуге жұмылдыруымыз керек. Тек сонда ғана өзінің дербес ұлттық рухы, мәдениеті, тарихы, санасы дамып жетілген өркениетті ұлт есебінде жалпы адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекет ретінде иық тірестіре аламыз.

Дастан КӨШЕРБАЕВ,
саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі

Организация и порядок ликвидации последствий стихийных бедствий, крупных производственных аварий и катастроф

Стихийные бедствия — это явления природы, которые вызывают экстремальные ситуации, нарушают нормальную жизнедеятельность людей и работу объектов. Наиболее характерные стихийные бедствия для различных географических районов нашей страны — землетрясения, наводнения, селевые потоки и оползни, снежные лавины, бури и ураганы, пожары. Стихийные бедствия возникают внезапно и носят чрезвычайный характер. Они могут разрушать здания и сооружения, уничтожать ценности, нарушать процессы производства, вызывать гибель людей и животных.

Предупреждение и ликвидация последствий чрезвычайных ситуаций — одна из актуальных проблем современности. Ликвидацию последствий ЧС проводят с целью спасения и сохранения жизни и здоровья людей, что позволяет сократить число погибших, снижения размеров ущерба окружающей среде и материальных потерь, а также локализации зоны ЧС, прекращения действия характерных для них опасных факторов.

Ликвидация последствий стихийных бедствий, крупных производственных аварий и катастроф проходит в несколько этапов.

1 этап. Оповещение

Цель оповещения — своевременное предупреждение руководящего состава, населения городов и сельской местности о возникновении непосредственной опасности чрезвычайной ситуации и о необходимости принятия мер защиты. Для оповещения используют предупредительный сигнал тревоги ГО «Внимание всем!»

2 этап. Комплексная разведка района, объекта, на котором произошла чрезвычайная ситуация

Цель разведки — своевременное получение данных об обстановке, необходимых для принятия обоснованного решения и успешного проведения спасательных и других неотложных работ в очагах поражения, районах стихийных бедствий, крупных аварий и катастроф.

Разведка подразделяется на общую и специальную.

Общая разведка проводится в целях быстрого получения данных об обстановке в районе (на объекте), необходимых для принятия решения о проведении мероприятий по защите населения, формирований ГО и ведения спасательных и других неотложных работ.

Для получения оперативных данных о размерах стихийного бедствия в общем характере его последствий может проводиться разведка воздушная, на средствах ж/д транспорта и речная (морская).

Специальная разведка проводится для получения более полных данных о характере радиоактивного, химического и бактериологического заражения местности, воздуха и других объектов внешней среды.

3 этап. Группировка сил и средств

Для ликвидации последствий ЧС создается группировка сил и средств ГО и ЧС. В группировку сил и средств включаются:

- воинские части ГО;
- территориальные, объектовые формирования и формирования служб ГО и ЧС;
- республиканский и областные оперативно-спасательные отряды;
- воинские части и подразделения Министерства обороны РК, МВД РК, ведомственные специализированные аварийно-спасательные, аварийно-восстановительные, военизированные и другие формирования;
- службы экстренной медицинской помощи, а при недостаточности — медицинские силы и средства министерств, агентств, центральных исполнительных органов, не входящих в состав правительства, и организаций;
- аварийно-спасательные службы республики, областей и городов.

4 этап. Организация управления силами и средствами в районе бедствия (аварии, катастрофы)

Управление ГО заключается в постоянном руководстве со стороны начальника ГО района (объекта) и служб подчиненными им органами и силами, в организации их действий и направлении усилий на своевременное и успешное выполнение поставленных задач.

5 этап. Спасательные и другие неотложные работы

Спасательные и другие неотложные работы в очагах поражения проводятся в целях спасения людей и оказания помощи пораженным, локализации аварий и создания условий для последующего проведения аварийно-восстановительных работ.

Спасательные работы включают в себя:

- разведку маршрутов движения и участков (объектов) работ;
- локализацию и тушение пожаров на маршрутах движения и участках (объектах) работ;
- поиск пораженных и извлечение их из поврежденных и горящих зданий, загазованных и задымленных помещений, завалов;
- вскрытие разрушенных, поврежденных и заваленных защитных сооружений и спасение находящихся в них людей;
- подачу воздуха в заваленные защитные сооружения с поврежденной фильтровентиляционной системой;
- оказание первой медицинской и доврачебной помощи пораженным и эвакуацию их в лечебные учреждения;
- вывод (вывоз) населения из опасных мест в безопасные районы;
- санитарную обработку людей и обеззараживание одежды, дегазацию и дезактивацию техники, транспорта и средств защиты, обеззараживание территории и сооружений, продовольствия, пищевого сырья, воды и фуража.

Неотложные работы включают в себя:

- прокладывание колонных путей и устройство проездов в завалах и на зараженных участках;
- локализацию аварий на газовых, энергетических, водопроводных, канализационных и технологических сетях в интересах ведения спасательных работ;
- укрепление или обрушение конструкций, угрожающих обвалом и препятствующих безопасному движению и ведению спасательных работ;
- ремонт и восстановление поврежденных и разрушенных линий связи и коммунально-энергетических сетей в целях обеспечения спасательных работ;
- ремонт и восстановление поврежденных защитных сооружений для защиты от возможных повторных чрезвычайных ситуаций.

6 этап. Организация комендантской службы

Комендантская служба организуется в соответствии с решением начальника ГО.

На комендантскую службу возлагается:

- поддержание установленного порядка при проведении рассредоточения и эвакуации;
- контроль над соблюдением населением и личным составом формирований режима поведения на зараженной территории;
- содействие своевременному укрытию населения;
- усиление охраны объектов, важных дорожных сооружений, переправ и других объектов;
- регулирование движения на маршрутах, в районах и на участках (объектах) работ;
- воспрещение доступа населения в город и на объекты, где проводятся эвакуационные мероприятия, а также в очаги поражения и на участки (объекты) спасательных работ.

Во время стихийных бедствий важно предусмотреть различные виды обеспечения для проведения спасательных работ.

Материальное обеспечение заключается в организации и осуществлении своевременного и полного снабжения формирований техникой, средствами защиты, связи, приборами радиационной и химической разведки, горючими и смазочными материалами, медикаментами и медицинским имуществом, обменными одеждой, бельем и обувью, продовольствием, строительными материалами и другими средствами.

Техническое обеспечение организуется для поддержания в исправном состоянии и в постоянной готовности к использованию всех видов автотракторной, инженерной и другой специальной техники. Оно заключается в организации и осуществлении технически правильного использования, обслуживания, ремонта и эвакуации техники, привлекаемой для решения задач ГО.

Транспортное обеспечение организуется в целях своевременной перевозки рассредоточиваемых рабочих, служащих и эвакуируемого населения, доставки рабочих смен к месту работы и в районы размещения, вывоза из городов материальных ценностей, осуществления перевозок сил ГО к очагам поражения, а также эвакуации пораженных из них.

Непосредственная ответственность за своевременную организацию и проведение мероприятий по ликвидации последствий стихийного бедствия или крупной аварии возлагается на начальников ГО всех степеней, их органы управления и службы ГО и ЧС.

Начальник штаба ГО и ЧС КарГУ
им. академика Е. А. Букетова
Шарипа ОМАРОВА

Учительская стезя

Старшее поколение может по праву гордиться своим вкладом в становление и развитие независимой Республики Казахстан. Ведь в начале 90-х они были в лучшей поре своего профессионального мастерства, активной самореализации. В педагогике 80-90-е годы были порой реформ, освобождения от рутины и догм, началом инновационных процессов. Ярким представителем этого поколения в образовании является Салтанат Бодесовна Бодесова. От отца-фронтовика она получила свое самое ценное наследство: чувство собственного достоинства, честь, несговорчивую совесть и стремление помогать людям. С этого стремления и началась в 1959 году ее педагогическая стезя. Она трудилась на этой ниве около полувека. Менялись статусы Салтанат Бодесовны: учитель, завуч, старший преподаватель, доцент, заведующая кафедрой. Свою педагогическую деятельность она воспринимает как миссию, служение «делу, а не лицам». Всему, что делала и делает Салтанат Бодесовна, можно присвоить Знак качества (в реалиях нашего времени это знак «Алтын сапа»).

Как учитель физики она еще в далекие 60-70-е годы взращивала в детях гармоничное мировоззрение, формировала основы миропонимания, социальной адаптации, т. е. то, что сегодня мы называем компетентностями.

Годы работы завучем в областной спортивной школе-интернате сформировали ее управленческий опыт, способность руководить специалистами. Эти годы отточили ее аналитический ум, системный подход к управлению.

Перейдя в 1979 году на работу в Карагандинский государственный университет, она встала у истоков становления факультета повышения квалификации руководителей организаций образования. Долгие годы этот факультет оставался первым и единственным в Казахстане. Организатором, основоположником факультета был талантливый педагог, мыслитель, бессребреник Темиртай Камзабаевич Камзабаев. Его ученицей и соратником, последователем и продолжателем стала Салтанат Бодесовна. В результате реорганизаций факультет перешел в ведение областного института повышения квалификации и переподготовки работников образования. Со временем она возглавила кафедру педагогического менеджмента этого факультета, опять же первую кафедру такого профиля в Казахстане. В эту работу она вложила всю себя, все, что восприняла буквально из первых уст от таких известных практиков и теоретиков именно педагогического менеджмента, как Конаржевский Ю. А., Симонов В. П., Поташник М. М., Шамова Т. И. Руководителей организаций образования — слушателей курсов кафедра учила быть эффективными менеджерами, управлять развитием школы на программной основе.

Продолжение на стр. 8

Қатарға «Қасым» қосылды

Биыл еліміз үшін ерекше жыл. Олай деп айтуымыздың басты себебі, егемендігіміздің 20 жылдығын, қазақ әдебиеті тарихында ойып тұрып орын алатын дауылпаз әрі ақиық ақындарымыз Қасым мен Мұқағалидың мерейлі тойларын мерекелеп жатырмыз. Осы орайда еліміздің түкпір-түкпірінде көптеген игі істер қолға алынып, атқарылуда. Қасымның 100 жылдығына, Мұқағалидың 80 жылдығына арнап бүкіл ел болып дүбірлі думан өткіздік. Атқарылған істердің ішінде ең маңыздысы — «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журналының жарық көруі. Мұқағали Мақатаевтың мұрасын зерттеп, халыққа ұсынып отыратын «Мұқағали» журналы жарияланып тұратындығы қалың оқырманға белгілі. Осы тұста қатарға кеш те болса «Қасым» журналының қосылуы көп көңіліне медеу болды. Журналдың жариялануына Қарағанды облысы әкімдігі мен «Ақсораң» қоғамдық қоры мұрындық болған екен. Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Серік Ақсұңқарұлының және ақын Серік Сағынтайдың бастамасымен журналдың редакция ұжымы құрылып, бүгінде табысты еңбек етуде. Қасымның шығармашылығын жан-жақты зерттеу, өлеңдерімен оқырманды таныстыру, қасымтанудың дамуына сүбелі үлес қосу, ұлттық әдеби мұрамызды насихаттау, көпшілік жұртты әдебиет әлеміндегі соңғы тенденциялармен және жаңалықтармен, жас ақындар мен жазушылардың тың дүниелерімен таныстыруды діттеген журналдың «бісмілләсі» көп көңілінен шықты. Қасым тойын мерекелеу кезінде аталмыш журналдың алғашқы саны біздің де қолға түсті. Оның жарыққа шығатындығын осыдан жарты жыл бұрын естіп, көп күткен де едік.

Қарағанды облысы әкімі Серік Ахметовтің алғы сөзімен басталған журналды парақтап, таныссаңыз көптеген қызықты ақпараттар ала аласыз. Мұнда дауылпаз ақынның бірқатар өлеңдері мен аудармалары, Қасым рухына арнап жазылған қазақ ақындарының арнау өлеңдері мен балладалары топтастырылған екен. Сонымен қатар, академик Серік Қирабаевтың, ақын Серік Ақсұңқарұлының, Сырбай Мәуленовтің, Есмағамбет Ысмайловтың, Тәкен Әлімқұловтың, Жанат Жаңқашұлының, Жүрсін Ерман мен Дидар Амантайлардың ғұмырнамалық естеліктері, қасымтануға қатысты зерттеулері мен эсселері жарияланыпты. Бұл Қасым шығармашылығымен етене жақын танысқысы келетін оқырман үшін таптырмас қазына. Әлем әдебиетінің үлгісімен қатар Төрехан Майбастың «Қайдауыл» романы және Серік Сағынтайдың «Жарты қап кітап» атты әңгімесі де талғамы жоғары әдебиетсүйер қауымның назарына ұсынылған. Және де журналда Қасым күнделігінің үзінділері де жарық көріпті.

«Берсең бер, бермесең ғой баспанаңды,
Сонда да тастамаспын Астанамды.
Өлеңнің отын жағып жылытармын,
Өзімді, әйелімді, жас баламды» деп ашына жырлаған Қасым ақын тағдырының ауыр тауқыметі мен мехнаты жайлы жазылған өз естеліктерінің берілуі ақын өмірінен сыр шертеді. Еліміздің ақпарат кеңістігіне жаңадан қосылған «Қасым» журналының алар асуы алда.

«Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп», артына қалдырған мұрасының келер ұрпақ санасында сақталып қалсын деген үмітпен ғұмыр кешкен ақынның асқақ арманының орындалуына «Қасым» журналының қосар үлесі зор болатындығы айдан анық.

Екі айда бір рет жарық көретін журналдың келер 2012 жылға жазылуы ұйымдастырылуда. Осы орайда, бәріміздің «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» журналға жазылуымыз — ұлттық сөз өнерінің дамуына теңізге қосқан тамшыдай болса да үлесіміз. Мемлекеттік органдар мен мекемелердің, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының, мектеп басшыларын Қасым журналына жазылуда қалыс қалмауға шақырам. Қасым жерлестеріне, барша қарағандылықтарға, «Әр шаңыраққа бір-бір Қасымнан» деген ұран тастаймын. Ұлттық сөз өнерімізді ұлықтай алмасақ азаматтығымызға сын болары хақ. «Көп түкірсе, көл» болатындығы бесенеден белгілі. Олай болса, «Қасым» журналына жазылуға асығып, оның бүкіл Алаш еліне таралуына атсалысайық, көзі ашық, көкірегі ояу ағайын.

Е. САРМУРЗИН,
«Вектор инфорум» аймақтық жастар журналының редакторы

Айтылмай қалған аманат

«Чупо-чупес» емес, құрт сорып, «Орбит» емес, смола шайнап өстік. Басқа емес, өз басым аппақ көбік түбіт түтіп, ұршық иіру, кесте тігу — балалық шағымның белгісі десем, қаладағы Олжас — «Алжастар», Сәния — Санялар қай ғасырдан келгенсің деп қызық көреді. Олар менің күбі ыстап, тобылғының иісі сіңген күрең шапаны мен өзі тоқып алған ақ шәлісін қысы-жазы шешпейтін әжемнің қойнынан келгенімді білмейтін еді, әрине. Әжемнің ғана емес, кеңес заманының тірі тарихы, кино түгілі, кітапта да кездеспейтін болмысы басқаша атамның да «Ер төстігім бір төбе» дейтін сүйікті баласы едім.

— Ата! — деймін, шіліңгір шілдеде пимасымен күнге қыздырып отырған аяғын түртіп. — Маңдайың неге тыртық?

— Бала күнімде байдың арбасынан шөп ұрлайтынбыз. Олардың күші көп, ат та жоқ, шалғы да жоқ, шүйгін жер де жоқ біз еріксіз ұрлыққа баратынбыз. Бір күні арбаның астына түсіп қалдым.

— Ата! — деймін, әжем тіккен шәркейді киген екінші аяғын түртіп. Табаны шамадан тыс ісініп кеткендіктен екінші сыңар аяқ киімді үнемі тіктіріп киетін. — Сені неге «Ақсақ» дейді?

— Е, балам, Үлкенкөлдің басында ет зауыты болған. Ол кезде баламыз, күнкөріс үшін неге бармадық. Арзан жұмыс күші едік қой… Етті аяққа сап тұздаймыз деп…

— Киесі де, — деймін өз сөзін қайталап.

— Иә, тұз киесі аяғымды алып тынды ақыры.

— Ата! — деймін, күнге күйіп, ақ жем болған тақиясын шешіп. Тағы да әжем тігіп берген. — Қарақұсыңда беріш боп қатып қалған томпақ не?

— Е, қарғам, — дейді жеңіл күрсініп. — Біз соғыста қару емес, қайла, күрек ап ат салысқан жандармыз. Шахтада тоқ соққан.

— Тірі қалғаныңа шүкір де, — деймін тағы да білгішсініп өз сөзін өзіне қайталап.

— Шүкір! Сендердің көрер жарықтарың ғой мені алып қалған.

— Ата! — деймін. — Ең тәтті тамақ не?

— Адал еңбекпен келгені де.

— Жоқ, — деймін қырсығып. Себебі бұл сұрақтың тағы басқа жауабы бар.

— Аштық жылдары ағайынды үш ұлмыз, басымыз бос, дорбамызды асынып, бас ауған жаққа жүре бердік. Бүгін Қарағанды, ертең Торғай, келесі апта Кемер… Сөйтіп Владивостоктан бір-ақ шығыппыз. Біз барған жылы бір кит қайраңға шығып қап, арам қатыпты. Сонда бір кит қайраңға шығып, арам қатыпты. Несін айтасың, балталап шауып, шелектеп тасып, арам қатса да китті бір ауыл бір қыс жедік. Соның дәмі еш кеткен емес.

ХХ ғасыр тарихын басына түйіп, қала берді денесіне тыртық, жара, қотыр қып суретке түсірген атам тірі энциклопедия еді.

Мектепте жеті атамды біліп кел деген тапсырма берді.

— Тектімін деп мақтанба, тегіңді айтып бөлінбе, таны да іштен тын! — атам жеті атамды құлағыма сыбырлап айтты. Дәл сол сәт түсінбегем. Кейін білдім, өмірдің мектебінен өткен ақсақал рулық түйсікті артқа тастап, елдік санаға өтіп кеткен екен ғой. Мен де әлі күнге шейін дауыстап жеті атамды таратып айтып, руымды жарияламаппын.

Атамның әңгімесі, әжемнің оюы таусылмайтын. «Бірінші Аллаға, екінші өзіңе сен!» деп отырады екеуі де. Бірақ несін жасырайын, Аллаға сенсем де, екінші өзіме емес, атама сенетінмін.

— Ата, ертең емтихан. Жүрексініп тұрмын.

— Е, тәйірі, өзім ұстаз алдын көрмей-ақ орысша оқып, арабша жазып кеткем. Атаңның баласы болсаң бес аласың. Бар!

Ақ батасын осылай беруші еді. Атам айтты, бітті, бес алам деген сенімділік өрге сүйреп-сүйреп, таңдаған мамандығыма тегін оқуға түстім. Студент болсам да, хат жазып, атамның «ақ батасын» күтемін. Менің қалада оқуым атам мен әжеме қатты батты. Маған да оңай тимеді. Желкенсіз қайықтай дағдарып қалдым. Бір тіреу жетіспей, сағыныштың сары дәмін тұңғыш сезіндім. Ауылға әр барып-қайтқаным — мереке. Тобылғы иіс, ыстық құшақ, тәтті әңгіме, қызықты ермек…Өмірде бақытсыздық, қайғы, мұң бар десе сенбейтін кездер еді. Табаным жерге тимей ұшып жүріп, бәрінен биік сезінетінмін өзімді. Суықта тоңдырмайтын, аптапта ыстықтатпайтын қорғаныштарым еді-ау…

Бірде әкем қалаға жеделхат жолдапты. Атам сырқаттанып қалыпты. Жүрегім тоқтап қалды деп ойлағам, бірақ құдай оңғарып, соғып тұр екен. Әншейінде табыла қоймайтын көліктің де ыңғайын келтіріп, алып-ұшып ауылға жетсем… бәрі өтірік екен! «Ұзынсары келген уақыт. Өзегің талып жүр, білем. Сүр жеп, әл жиып қайтсын деп…» Атам мен әжемнің ақталған түрі. Іштей қуанып, сырттай «ренжідім». «Сабақтан қалдырып… Екінші рет қайталанбасын!» дедім өп-өтірік бұртиып.

Енді, міне, бүгін әкемнен тағы да сол мазмұнда жеделхат келіпті. Бұл жолы рас дейді. Өтірік демесі де белгілі. Сенбедім. Театрдың тұрақты көрерменіне айналған менің асыға күткен қойылымым да бүгін болмақ еді. Облыстық болса бірсәрі, республикалық театр ұжымы қоймақ. Алматыдан. Бір күннің ары-берісі жоқ, атам күте тұрар деп ауылға ертеңгісін бір-ақ жол тарттым.

Бірақ мен біркүндік қойылым деп бүкіл ғұмырлық қазынамды жоғалтып алғанымды бұл уақытта сезбеген едім.

«— Сені қатты күтті. Демі үзілгенше атыңды атап, шақырумен болды.

— Әлдене аманаты болғансын-ды».

Мен театр тамашалап отырғанда атам мені есіктен күтіп жатыпты. Күтіп жатып, үзіліп кетіпті…Қазір театрға бара қалсам, байыз таппай, кірер есіктерден еленде атамды іздейтін дертке шалдықтым. Керісінше, енді мен күтемін. Әне, имек бас таяғына сүйеніп, бір аяғында пима, бір аяғында шәркей, сахнадан шыға келді. Көзін сәл қыса, жымиып алды. Сөйлер алдындағы әдеті. Айта алмай кеткенін ақтарар деп ұмсына бергенім сол еді, ғайып болды. Кейде тіпті театрға осы бір елесті көру үшін барамын.

«Сексенге келгенде жалғызсыратқан, құдай-ай, бергеніңе ризамын, енді алсаңшы тез телміртпей». Атам кеткелі шөгіп қалған тобылғы иісті әжем осылай күніренетінді шығарды.

«Ата!» — деймін…

Ешкім үн қатпайды… Атам не айтқысы келді екен?

Саруар ҚАСЫМОВА , ҚарМУ студенті

Учительская стезя

Продолжение. Начало на стр. 7

В конце 80-х Салтанат Бодесовна с достоинством и мастерством ответила на новый вызов времени, впервые в ИПК начав вести повышение квалификации менеджеров образования на казахском языке. Это не только профессиональный, но и гражданский поступок.

Известно, что до сих пор существует дефицит педагогических изданий на казахском языке, адресованных руководителям организаций образования. Именно поэтому стала настоящим бестселлером одна из книг Бодесовой С. Б. (написанная в соавторстве с Касымовой С.) — «Жүйе және жүйелік талдау».

Сотни и сотни руководителей образования считают ее своим Учителем. Среди них и убеленные сединами старейшины, и новая поросль интеллигентов нашего независимого Отечества. Все, кто учился у Салтанат Бодесовны, не только ее глубоко уважают, но и любят, испытывают благодарность к ней, хотят быть похожими на нее, поднимаются к ней.

И в моей судьбе она сыграла определяющую роль. Впервые я встретилась с ней в 1989 году на курсах повышения квалификации, будучи директором школы. Моя рефлексивность совпала с ее строгой логикой и аналитичностью. Она раскрыла мне глаза на школу как сложную социально-педагогическую систему. После этого не однажды мне доводилось бывать на курсах, семинарах, тренингах в Санкт-Петербурге, Алматы. Нигде больше не встретила я такого целостного, глубокого подхода к педагогическому анализу процессов, явлений в образовании. Этим она «заразила» меня. От нее в моем образе мира уважение к Конаржевскому Ю. А., Камзабаеву Т. К. как к мэтрам. И по ее инициативе я сделала поворот в своей судьбе, оставив школу и перейдя на кафедру педагогического менеджмента в 1995 году.

Я счастлива выразить любовь, уважение, благодарность своему Учителю!

С. А. ОСПАНОВА,
доцент,
Отличник просвещения
Казахской ССР

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Студенттердің аймақтық «Жастар әлемі – Мир молодежи» газеті
№ 12(168) 31.10.2011
Меншік иесі: академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Құрылтайшысы: Орталық Қазақстан оқу орындары ректорларының аймақтық Кеңесі
Бас редактор: Т. А. Голубцова
Фото: Е. Вольская
Мекен-жайымыз: Қарағанды қаласы, Университет көшесі, 28. Тел. 74-40-28

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және келісім министрлігінде тіркелген. Куәлік № 1450-Г. 21.08.2000 ж.
ПК «Экожан» баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Садоводов көшесі, 14
Айына 2 рет жарық көреді. Таралымы: 1000. Көлемі 4 б. т.
Газет академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Баспасөз-қызметінде теріліп бетталды.
ҚарМУ студенттеріне тегін таратылады
Материалдарды қайта басуға тек редакцияның келісімі бойынша рұқсат етіледі

Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова
Региональная студенческая газета «Жастар әлемі – Мир молодежи»
№ 12(168) 31.10.2011
Собственник: КарГУ имени академика Е. А. Букетова
Учредитель: Региональный совет ректоров вузов Центрального Казахстана
Главный редактор: Т. А. Голубцова
Фото: Е. Вольская
Адрес редакции: г. Караганда, ул. Университетская, 28, ДС. Тел. 74-40-28

Регистрационное свидетельство №1450-Г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК 21.08.2000
Отпечатано в типографии ПК «Экожан», г. Караганда, ул. Садоводов, 14
Тел. 8(7212) 44-23-60
Периодичность: 2 раза в месяц. Тираж: 1000 экз. Объем: 4 п. л.
Газета подготовлена к печати в Пресс-службе КарГУ им. академика Е. А. Букетова
Для студентов КарГУ имени академика Е. А. Букетова распространяется бесплатно
Перепечатка материалов допускается только по согласованию с редакцией